

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТЫНЫҢ
БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫСЫ МЕН ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

2019 жылғы 1 наурыз

**Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2011 жылғы 12 қазандағы
№328/415 «Ақтөбе облысы бойынша жер учаскелері жеке меншікке
берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу
туралы» бірлескен қаулысына және шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 10-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 және 27-баптарына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 26-бабына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2011 жылғы 12 қазандағы №328/415 «Ақтөбе облысы бойынша жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы» бірлескен қаулысына және шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3378 тіркелген, 2011 жылғы 8 қарашада «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

әкімдік пен мәслихаттың бірлескен қаулысы мен шешімінің қосымшасында:

136 «Шандыаша ауылы», 149 «Мамыт ауылы», 150 «Первомай ауылы», 244 «Опытное ауылы», 254 «Жамбыл ауылы» - жолдары алынып тасталсын.

2. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

О. ОРАЗАЛИН

**Облыстық мәслихаттың
хатшысы**

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

Т. ЕСЕНҒҰЛОВ